2023 жылдың қорытындысы бойынша Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша "Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімінің Аршалы кентінің бастауыш мектебі" КММ қызметі туралы есеп

"Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімінің Аршалы кентінің бастауыш мектебі "коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз қызметін" мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы " 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығымен бекітілген Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес жүзеге асырады .

Білім беру саласында мемлекеттік қызметтің 4 түрі көрсетіледі:

403003-бастауыш, негізгі, орта, жалпы білім берудің жалпы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау.

403004-денсаулық жағдайы бойынша ұзақ уақыт бойы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау

403015-бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау

803014-педагогтерді аттестаттаудан өту үшін құжаттарды қабылдау

Әрбір қызметке мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары бекітілді, онда қызмет көрсетудің тәртібі, мерзімдері, тәсілдері және құжаттар тізбесі жазылады. Барлық мемлекеттік қызметтер тегін көрсетіледі.

2023 жылы қаңтар-желтоқсан айларын қоса алғанда мектепте барлығы 9 қызмет көрсетілді, оның ішінде электрондық үкімет порталы арқылы-7, бұл мемлекеттік қызмет 403003 - бастауыш, негізгі, орта, жалпы білім берудің жалпы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау . Қағаз түрінде 2 қызмет көрсетілді. Бұл мемлекеттік қызмет 403003 – 1.бастауыш, негізгі, орта, жалпы білім берудің жалпы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау. 403015- 1 .бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау.

Мемлекеттік қызметтерді алудан бас тарту болған жоқ.

Сондай-ақ мектепте ақпараттық стендтерде және мектеп сайтында мемлекеттік қызметтердің стандарттары мен ережелері орналастырылған. Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы жұмыс істейді.

2023 жылы көрсетілетін қызметті алушылардан мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымдар түскен жоқ.

Аптаның жұмыс күндері сағат 9.00 — ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін келушілерді қабылдау жұмыс кестесі.